

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 «Балбұлақ» бөбекжай
Топ: №11 «Ақжелкен» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.01 - 05.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Уралбаева Т.Б.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Әңгімелесу: "Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; үйде балалардың күн тәртібін сақтауды және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті			"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету.	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру.	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау:
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу №9				
Таңғы ас	Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			"Қыс қызығы" тақырыбында әңгімелесу.	Қысқы ойындарды ойнап жүрген балалардың суретіне қарап әңгімелесу.	"Қысқы көрініс" тақырыбында әңгімелесу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Математика негіздері «9 саны мен цифры. 9 санының жасалуы» Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік	Математика негіздері "Суретші нені бейнеледі?" Мақсаты:Балаларда"бүрсігүні", "ертең", "бүгін", "кеше", "алдыңғы	Математика негіздері "Мен отбасымда нешіншімін?" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан

			сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; Дене шынықтыру "Паровоз алдыға басып барады". жетекші жоспарымен Сауат ашу негіздері «Б дыбысы мен әріпі». Мақсат-міндеттері. Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Дыбыстық талдау жасау.	күні" сияқты ұғымдарын қалыптастыру. Сөйлеуді дамыту "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу" пысықтау. Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу. Қазақ тілі Дыбыстар мен әріптер. Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру. Музыка "Оқу - білім азығы" жетекші жоспарымен Вариативтік компонент: Би	есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; Көркем әдебиет М. Төрежанов «Қамқорлық». Мақсат-міндеттері. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауды, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуға дағдыландыру. Дене шынықтыру "Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру". Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат қабылдау ережесін қалыптастыру; Қазақ тілі Жетекші жоспарымен
Серуенге дайындық	Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау				
Серуен			Суықторғайды бақылау. Мақсат-міндеттер. Қоныс аударатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; Зерттеу: құстардың іздерін қарастыру, оларды қарғаның ізімен салыстыру. Құстардың жануарлардан айырмашылығы неде? Қ/қ ойыны: "Кім мерген?", "Ағаштың суретін сал" Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыруға арналған жаттығулар; көзбен мөлшерлеуді дамыту; С/р ойын: «Отбасылық дәстүрлер» міндеті: балалардың диалогтық сөйлеу дағдыларын дамыту; еңбек тапсырмалары: қардан	Қатты желді бақылау. Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. К/қ ойын: "Бұрқасын". Мақсат-міндеттер. Ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасау. С/р ойын: «Спорттық сайыс» міндеті: балаларға өз қиялдарымен ойын құрастыруға жағдай жасай отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын. "Логикалық жұптар" Мақсат-міндеттер. Балалардың спортшылардың қандай жабдықтарды	Жаңбырдан кейінгі іздерді бақылау. Мақсат-міндеттер. Құстардың қардағы іздерін тану қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ізі бойынша таны", "Іздер". Мақсат-міндеттер. Алға қарай секіру жаттығулары, қозғалыстың қарапайымдылығы мен дәлдігіне қол жеткізу. С/р ойын: «Отбасылық дәстүрлер» міндеті: балалардың диалогтық сөйлеу дағдыларын дамыту; еңбек тапсырмалары: қарлы қалашық салу үшін қар жинау. Мақсат-міндеттер. Топта жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру; жоспарлау

			тазарту, ағаш тамырларын аяздан қорғау. Дайын суретті бояу тапсырмасы. балалар өздері таңдап, бояп шығады. еркін ойын: "Жем салған дорбаны жеткіз". Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.	қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; еңбек тапсырмалары: желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Секіру техникасын жетілдіру.	жұмысы. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: 2-3 м арақашықтықта алға қозғалып, екі аяқпен секіруге жаттығу. Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді жақсарту.
Серуеннен оралу	учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;				
Түскі ас	Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Біртіндеп ұйқыдан ояту. Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. «Ұшақ» жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту.				
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті			Дидактикалық ойын. "Логикалық жұптар" Мақсат-міндеттер. Балалардың спортшылардың қандай жабдықтарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Туған өлкедегі қыс" Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау. Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануардың қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын не бұрыстығын анықтату,		
Балалармен жеке жұмыс			Дайын суретті бояу тапсырмасы. балалар өздері таңдап, бояп шығады.	Жаңылтпаштар айтқызу. Аппак, аппак, бәрі аппак, Ақ қар аппак, бәрі аппак. Ақ бұлт, қырау, мақта аппак. Ақ сүт, айран, қант та аппак.	"Сәйкесін тап" ойыны. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру;
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				

Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз"				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Өнер бұрышында қардың пайдасы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары.				
Балалардың үйге қайтуы			Кеңес беру. «Баланың ашуын қалай жеңуге болады?»	Кеңес беру. «Балаларды көшеде қауіпсіз жүруге үйретеміз».	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 «Балбұлақ» бөбекжай
Топ: №11 «Ақжелкен» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.01 - 12.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Уралбаева Т.Б.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту.	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау.	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету;	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу,	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету:
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу №9				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін,	«Табиғат досы» Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық,	«Қылқалам ханшасы» Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да,	Шаттық шеңбері Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да	"Қажетті киімді ал". Мақсат-міндеттер. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету.

	Жерге ұдайы нұр құйсын. Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы тақырыбында әңгімелесу.	Мадақтайық, мақтайық! Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады. Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы туралы әңгімелесу.	Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Мақсат-міндеттер. Қыс қызығы туралы әңгімелесу. Мнемотехниканы қолдану.	сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! Мақсат-міндеттер. Қыс туралы өздігінен сөйлем құрап, әңгіме құрау. Ойындар ойынау.	Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері «С» дыбысы және Сс әрпі". Міндеттер: С дыбысы мен әрпін таныстыру. Сс дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Дене шынықтыру «Екі тобық арасына доп қысып алып жүру» Мақсат-міндеттер: балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүруге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Қонаққа келген Аққала" Міндеттер: балаларды қыс мезгілінде ойнатылатын ойындар туралы білімдерін тиянақтау; Көркем әдебиет "Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы	Сауат ашу негіздері "[ы] дыбысы және Ыы әрпі". Мақсат-міндеттер: [ы] дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, Сөйлеуді дамыту "Қысқы көріністі қайталау" Мақсат-міндеттер: қалалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Музыка "Қысқы ойындар" Мақсат-міндеттер: балаларды әннің сөздік мазмұнын түсініп, шырқауда дауысымен эмоционалды жеткізуге ынталандыру; Қоршаған ортамен таныстыру "Ақ ұлпа қар" Мақсат-міндеттер: қар жайлы білімдерін кеңейту. Вариативтік компонент: Би	Сурет Жетекші жоспарымен Математика негіздері "Сиқырлы су" пысықтау Мақсат-міндеттер. Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту; Дене шынықтыру "3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату" жетекші жоспарымен Сауат ашу негіздері "[Ы] дыбысы және Ыы әрпі". Мақсат-міндеттер: [ы] дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, [ы] дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару.	Математика негіздері "Сиқырлы су" Мақсат-міндеттер. Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту; Музыка "Ақ тиін" Мақсат-міндеттер: балаларды тиін туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; Сөйлеуді дамыту "Қысқы көріністі қайталау" Мақсат-міндеттер: қалалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ тілі Жетекші жоспарымен Вариативтік компонент: Би	Математика негіздері Жануарлардың жұпты мен үштік топтары Мақсат-міндеттер: балалардың "тоғыз" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Қазақ тілі "Қар. Туынды сөздер." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; Дене шынықтыру Доппен жаттығулар Мақсат-міндеттер: балаларды тізені жоғары көтере отырып секіргіштен аттау арқылы жүру. Көркем әдебиет "Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" (қайталау) Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту.

	түсініктерін кеңейту.				
Серуенге дайындық	Серуендеуге дайындық. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. Әр түрлі ауа-райында көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.				
Серуен	Ағаштар мен бұталарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. Еңбек тапсырмалары: ағаштарға қар күреу. Мақсат-міндеттер. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Әр түрлі аймақтарда не өседі?" Мақсат-міндеттер. Ағаштардың атауларын бекіту. "Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Қиялды дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсету. Еркін ойын ойнау.	Қарғаны бақылау. Мақсат-міндеттер. Қарғаны салыстыруды, айырмашылықтарын табуды үйрету. еңбек тапсырмалары: тұқым себуге жүйекшелерді дайындау. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасай білуге баулу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пингвиндер", "Басып кетпе!" Мақсат-міндеттер. Затты екі тізенің ортасына қысып алып, екі аяқпен секіру іскерліктерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Допты нысанаға лақтыру қабілетін бекіту.	Желді бақылау Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауу құбылысымен таныстыруды жалғастыру. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; Еңбек: гүлзарларды суару. Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуді; өсімдіктерге қамқорлық жасауды үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау.	Жаңбырды бақылау. Мақсат-міндеттері. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту Еңбек: жағалаудан қолөнерге жарайтын малтатастарды жинау. Мақсат-міндеттері. Ортақ мақсат үшін саналы жұмыс істеуді үйрету. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. жеткізбеуге тырысу, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; "Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Лақтыру ептілігін, икемділікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Еркін ойын ойнау.	Суды бақылау. Мақсат-міндеттері. Суды үнемді пайдалану туралы түсініктерін бекіту. Дидактикалық ойын. "Батады-батпайды". Мақсат-міндеттері. Заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту. "Сумен ойындар". Үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Еңбек: ойыншықтарды жуу төсенішке жаю, кептіру. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.				

Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды). Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады.				
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.				
Балалардың дербес әрекеті	Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер". Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайындағы білімдерін тереңдету, тиянақтау; Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорттық жаттығу залы". Мақсат-міндеттер. Спорттық жаттығу залы туралы балалардың ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға ынталандыру; Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана". Мақсат-міндеттер. Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту;				
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаштар айтқызу. Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ.	"Ненің құйрығы?" Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау.	"Сәйкесін тап" ойыны. Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Дайын суретті бояу тапсырмасы. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері тандап, бояп шығады.	"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру;
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу.				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Өнер бұрышында қыс қызығы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай балалардың киінуі.	Әкелермен әңгімелесу: «Бала тәрбиесінде кімнің орны басты рөл атқарады?»	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес: «Ойын – баланы дамыту құралы».	Экологиялық қайырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата-аналармен топ бөлмесін безендіру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 «Балбұлақ» бөбекжай
Топ: №11«Ақжелкен» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.01 - 19.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Уралбаева Т.Б.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын түсіндіру.	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау;	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру;	"Кітап бұрышындағы еңбек". Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету.	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру;
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені №10				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар.Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жабайы аңдар». Елімізде мекен ететін аңдар жайлы әңгімелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық	Балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық	Балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.

		дайындығын қалыптастыру.		дайындығын қалыптастыру.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері Өтілген дыбыстар және әріптерді қайталау". Мақсат-міндеттер: дыбыс және оның әріп таңбасын қайталау. Дене шынықтыру "Доппен эстафеталар" жетекші жоспарымен Қоршаған ортамен таныстыру "Қардың қасиеттері". Мақсат-міндеттер: балаларға қардың құрылымы және оның судың айнарудың бірі екендігі туралы қарапайым білімдерді пысықтау. Көркем әдебиет "«Қолғап» украин халық ертегісі" Мақсат-міндеттер: балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін арттыру.	Сауат ашу негіздері "[ж] дыбысы және Жж әрпі". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысын және Ж әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Ж дыбысын дұрыс айтуға үйрету.. Музыка "Жануарлар туралы әндер" жетекші жоспарымен Сөйлеуді дамыту "Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйретуді пысықтау. Қоршаған ортамен таныстыру "Құстардың қыстағы қоректену ерекшеліктері" Мақсат-міндеттер: балалардың қоныс аударатын және қыстайтын құстарды тану дағдыларын қалыптастыру; Вариативтік компонент: Би	Сауат ашу негіздері "[Ж] дыбысы және Жж әрпі". Мақсат-міндеттер: Ж дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Математика негіздері "Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?" пысықтау Мақсат-міндеттер: балаларды "тоғыз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; Дене шынықтыру "Бөрене үстімен төрт тағандап еңбектеу" жетекші жоспарымен	Математика негіздері "Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?" Мақсат-міндеттер: балаларды "тоғыз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; жапсыру. «Желкенді қайық» міндеттері: түрлі геометриялық пішіндерден зат құрап, жапсыруға үйрету. Қазақ тілі Жетекші жоспарымен Сөйлеуді дамыту "Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Музыка Жетекші жоспарымен Вариативтік компонент: Би	Математика негіздері "Құстардың топтамасын тең бөліктерге бөлу" Мақсат-міндеттер. Балалардың "он" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; Дене шынықтыру "Еңбектеу жаттығулары" Мақсат-міндеттер: балаларды 2 мин. дейін заттардың арасымен үздіксіз жүгіру; Қазақ тілі "Түлкі мен сұр қасқыр" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларға «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісін таныстыру; Көркем әдебиет "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" (қайталау) Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату.
Серуенге дайындық	Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.				
Серуен	Итті бақылау.	Сыпырушының жұмысын	Суықторғайларды бақылау.	Жапырақты және қылқан	Қарғаны бақылау. Мақсат-

	Мақсат-міндеттері. Жануарлардың сыртқы түр-түсі, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бір, екі, үш.. қаш!" Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын, шапшаңдықты, тапқырлығын дамыту; Сюж/р ойын: «Біздің балабақша» Мақсат-міндеттері: балабақшаның атқаратын негізгі қызметімен таныстыру. Жеке жұмыс: Артикуляциялық жаттығулар. Еңбек: ағаш тамырларын қармен оқшаулау. Мақсат-міндеттері. Қардың қорғаныш қасиеттері туралы ойды бекіту.	бақылау. Мақсат-міндеттер. Сыпырушының жұмысымен танысуды жалғастыру; Сюж/р ойын: «Жас өрт сөндірушілер» мақсат-міндеттері: өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін кеңейту. еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. Мақсат-міндеттер. Балалардың күрекпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Шыршада". Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай еркін жүгіруге дағдыландыру; еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Моториканың дамуына ықпал ету.	Мақсат-міндеттер. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар".Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. еңбек тапсырмалары: жолды сыпырғышпен сыпыру. Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: моториканың дамуына ықпал ету. (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).	жапырақты ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімді қалыптастыру. Сюж/р ойын: «Автобуспен саяхатқа шығамыз» мақсат-міндеттері: балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқылар", "Бақалар". Мақсат-міндеттер. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.	міндеттер. Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. еркін ойын: Мақсат-міндеттер. "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.
Серуеннен оралу	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Шаңғы жаттығуы; Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.				
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы.				

Балалардың дербес әрекеті	"Құстар қалай үн қатады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр". Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге театр қандай орын екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын ойын барысында анықтау; Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Қыстайтын құстар". Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; "Құстар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. "Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту. Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық" Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, "Зообакқа орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру.				
Балалармен жеке жұмыс	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".	"Артығын тап" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер: бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табу.	"Бұл қашан болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге үйрету.	"Лабиринт" дидактикалық ойыны. Ойынның мақсат-міндеттері. Балаларды тез қимылдауға үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу.				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар.Өнер бұрышында қыстайтын құстар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары.Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 «Балбұлақ» бөбекжай МКҚК
Топ: №11«Ақжелкен» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.01 - 26.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Уралбаева Т.Б.

Апта күндері	Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Күн тәртібі										
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.									
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу.									
Балалардың дербес әрекеті	Үстел үсті ойыны «Мозаика». Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің басқа бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.		"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту;		"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу;		"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті. балалардың өз құрбы-құрдастарына достық қатынастарын, зейінін, есін, бірігіп ойнау тілектерін тәрбиелеу.		"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады.	
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу кешені №10									
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.									
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны.		"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Затқа дейінгі		"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Заттарды		"Жұбын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер.		Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-	

	Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету.	аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па?	өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру.	Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру;	әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері «Өткен дыбыстарды қайталау» Мақсат-міндеттер: дыбыстық талдау жасауға үйрету, буынға бөліп сөз оқуға дағдыландыру. Дене шынықтыру "Еңбектеу жаттығуларын пысықтау" жетекші жоспарымен Қоршаған ортамен таныстыру "Қандай аңдар қыста ұйықтайды" Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы уақытта жабайы жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін ойын оқыту жағдайлары арқылы бекіту; Көркем әдебиет "Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсат-міндеттер: әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге	Сауат ашу негіздері "[ө] дыбысы және Өө әрпі". Мақсат-міндеттер: [ө] дыбыстарымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [ө] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтату. Музыка "Құстармен бірге жырлайық" жетекші жоспарымен Сөйлеуді дамыту "«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін сахналау" Мақсат-міндеттер: балалардың аңдардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру. Қоршаған ортамен таныстыру "Жабайы аңдарды санайық" Мақсат-міндеттер: ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру; Вариативтік компонент: Би	Математика негіздері "Жемшашардағы құстар" пысықтау міндеттер: балаларды "он" саны мен цифр туралы түсініктерін қалыптастыруды пысықтау. Сауат ашу негіздері "[ң] дыбысы және ң әрпі". Мақсат-міндеттер: [ң] дыбысы мен әрпін бекіту және сөз ішіндегі [ң] дыбысының ерекшелігін меңгерту. Дене шынықтыру "Кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіру" Мақсат-міндеттер: балаларды кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіруге үйрету.	Математика негіздері Жемшашардағы құстар Мақсат-міндеттер: балаларды "он" саны мен цифр туралы түсініктерін қалыптастыру; Қазақ тілі Ч дыбысы мен әрпі Балаларға [ч] дыбысының артикуляциясын, Ч ч әрпін бастырып жазуды көрсету; Музыка "Ақ лақ" жетекші жоспарымен Сөйлеуді дамыту "«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін сахналау" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың аңдардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру Вариативтік компонент: Би	Математика негіздері Аквариум барлықтарының сандарын салыстыру Мақсат-міндеттер: балалардың он саны құрамындағы сандар туралы ұғымдарын дамыту; ">", "<" және "=" белгілері туралы ұғымдарды қалыптастыру Қазақ тілі Қыстайтын құстар Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту; Көркем әдебиет "Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». (қайталау) Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсат-міндеттер: әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. құрастыру «Бәйтерек» міндеттері: Ел ордасы Астанаға сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Кедергілерді асу жаттығулары"

	дағдыландыру.				Мақсат-міндеттер: балаларды доптан аттап бір жанымен жүру;
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				
Серуен	Ағаштар мен бұталарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. Еңбек тапсырмалары: ағаштарға қар күреу. Мақсат-міндеттер. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Әр түрлі аймақтарда не өседі?" Мақсат-міндеттер. Ағаштардың атауларын бекіту. "Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Қиялды дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсету. Еркін ойын ойнау.	Қарғаны бақылау. Мақсат-міндеттер. Қарғаны салыстыруды, айырмашылықтарын табуды үйрету. еңбек тапсырмалары: тұқым себуге жүйекшелерді дайындау. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасай білуге баулу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пингвиндер", "Басып кетпе!" Мақсат-міндеттер. Затты екі тізенің ортасына қысып алып, екі аяқпен секіру іскерліктерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Допты нысанаға лақтыру қабілетін бекіту.	Желді бақылау Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауу құбылысымен таныстыруды жалғастыру. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; Еңбек: гүлзарларды суару. Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуді; өсімдіктерге қамқорлық жасауды үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау.	Жаңбырды бақылау. Мақсат-міндеттері. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту Еңбек: жағалаудан қолөнерге жарайтын малтатастарды жинау. Мақсат-міндеттері. Ортақ мақсат үшін саналы жұмыс істеуді үйрету. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. жеткізбеуге тырысу, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; "Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Лақтыру ептілігін, икемділікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Еркін ойын ойнау.	Суды бақылау. Мақсат-міндеттері. Суды үнемді пайдалану туралы түсініктерін бекіту. Дидактикалық ойын. "Батады-батпайды". Мақсат-міндеттері. Заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту. "Сумен ойындар". Үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Еңбек: ойыншықтарды жуу төсенішке жаю, кептіру. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Түскі ас	Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.				

Бесін ас	Гигиеналық дағдылар.Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.				
Балалардың дербес әрекеті	"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; Театрландырылған қойылым. "Түлкі мен тырна" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Дамытушы жаттығу. "Шапшандар сайысы". Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшандығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу.Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар". Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту;				
Балалармен жеке жұмыс	"Лабиринт" дидактикалық ойыны. Ойынның мақсат-міндеттер. Балаларды тез қимылдауға үйрету.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Бұзауым-ау, бұзауым!" Мақсат-міндеттер: бір реттік қағаздан жасалған тәрелкені жазық қағаз бетіне жапсыру.	"Бұл қашан болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгілдеріндегі әртүрлі өзгерістерді табуға, үйрету.	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Тиіннің қысқа дайындығы" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалату, созу, қайшының көмегімен ойық жасау арқылы тиінге арналған жаңғақ жасауға үйрету.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар.Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндер.Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары.				
Балалардың үйге қайтуы	«Балаларда шығармашылықтың дамуы» тақырыбындағы	«Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес: «Балалар жаракаттарының алдын алу шаралары».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

	кеңес.				
--	--------	--	--	--	--

«Келісілді»
әдіскер  Кобланова А.Р.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 «Балбұлақ» бөбекжай
Топ: №11 «Ақжелкен» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.01 - 31.01.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Уралбаева Т.Б.

Апта күндері	Дүйсенбі		Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.					
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.					
Балалардың дербес әрекеті	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау,	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымын бекіту;	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларға кезекші міндеттерін ниетпен, адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою.			
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені №10 (пысықтау)					
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар.міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".	"Әдепті өтініш" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне			

	Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.	біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу.	мотивациялық дайындықты қалыптастыру.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[е] дыбысы және Ее әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [е] дыбысы мен әрпін таныстыру. Оның айтылу ерекшеліктерін атап өту және жазылу жолын үйрету. Дене шынықтыру "Кедергілерді өту эстафеталары" жетекші жоспарымен Қоршаған ортамен таныстыру "Бөлме өсімдіктері" Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жіктелуі туралы білімдерін бекіту; Көркем әдебиет "«Қаңтар мен Ақпан» ертегісі" Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету.	Сауат ашу негіздері "[ж] дыбысы және Жж әрпі". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысын және Ж әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Ж дыбысын дұрыс айтуға үйрету.. Сөйлеуді дамыту "Үй құстары" Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. Музыка "Менің қамқорлығым» жетекші жоспарымен Қоршаған ортамен таныстыру "Мамандықтар" Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі мамандықтар жөніндегі білімдерін кеңейту; топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру. Вариативтік компонент: Би	Математика негіздері "Заттардың салмақтарын салыстырайық" Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таرازы) және қолдарға салып заттың шамасын салыстыруға үйрету. Сауат ашу негіздері "[к] дыбысы және Кк әрпі". Мақсат-міндеттер: [к] дыбыстарымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру. Дене шынықтыру "Кедергі заттар арасымен допты домалату". жетекші жоспарымен		
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.				
Серуен	Суықторғайларды бақылау. Мақсат-міндеттер. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар".Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан	Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімді қалыптастыру. Сюж/р ойын: «Автобуспен саяхатқа шығамыз» мақсат-міндеттері: балалардың	Қарғаны бақылау. Мақсат-міндеттер. Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс		

	секіру, жүгіру жаттығулары. еңбек тапсырмалары: жолды сыпырғышпен сыпыру. Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: моториканың дамуына ықпал ету. (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).	шығармашылық қабілеттерін арттыру. Еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқылар", "Бақалар". Мақсат-міндеттер. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.	айтуды үйрету. еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. еркін ойын: Мақсат-міндеттер. "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Балаларды сипап ояту.Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті	Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана". Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. "Тергеушілер". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу.				
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салудан ойын-жаттығу "Теңіз асты тұрғындары" Мақсат-міндеттер: балаларды топтастар ұжымымен бірігіп, теңіз	Үстел үсті ойыны. "Сандар". Міндеттері. 1-ден 10-ға дейінгі реттік сан	Жапсырудан ойын-жаттығу "Ақылды қоян" Мақсат-міндеттер: балаларды жазық қағаз бетіне қоян қимаулігісін		

	асты әлемі сюжеті салуға үйрету.	есімдерді оқыту; суреттегі нысандардың санымен салыстыруды үйрену;	орналастырып жапсыруға, ақ түсті қағазды жырту әдісі бойынша, қағазды ұсақтап жыртып, қоян қимаулігісінің үстіне жапсыруға үйрету.		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Музыкалық аспаптармен ойындар. Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Мақсат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу.	«Қайырымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».		